Зерттеуде талдау және синтездеу, салыстыру, жіктеу, нақтылау мен жалпылау және сипаттамалық талдау әдістері қолданылды. Теориялық әдістерді пайдалана отырып, мақаланың тақырыбына қатысты әдебиеттерді шолу барысында деректерді талдау, топтау, нақтылау және жалпылау әрекеттері орындалды. Зерттеу нәтижелері сипаттамалық талдау әдісі арқылы талданады. Сипаттамалық талдаудың мақсаты – зерттеу нәтижесінде жиналған деректерді жүйелеу және түсіндіру.

Шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу барысында алынған деректер, сипаттамалық талдау негізінде келесі бес ұстаным төңірегіне топтастырылып жүйеленді:

1. *Экзистенциалдық ұстаным.* Ұстаным болашақ педагог-математиктердің субъективтілігі, олардың өзін-өзі тануы және өмірдің өзіндік құндылықтары мен мағынасын білуі деңгейін дамытуға бағытталған. Мақсаты – студенттердің шешім қабылдау және қабылданған шешім үшін жауаптылық қабілеттерін қалыптастыру. Экзистенциалдық ұстанымға сәйкес, адам өзінің өмір жолын өзі таңдайды, өмірінің әр сәтінде өз дүниетанымына сәйкес іс-әрекеті мен мінез-құлқы арқылы өзін өзгертеді. Ол өзінің өміріндегі барлық іс-әрекеттерінің нәтижелері үшін толық жауап береді және егер, нәтиже әлеуметтік ортаның талабына сай болмаса, сыртқы жағдайларға сілтеме жасай отырып, өзін ақтай алмайды (Подлинцев, 2016: 76).

2. *Эпистемологиялық ұстаным.* Ұстаным студенттердің сыни ойлау, ақпаратты талдау және бағалау қабілетін дамытуға бағытталған және өзін-өзі тану дағдыларын қалыптастырудың, негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты бағалаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Эпистемологиялық ұстаным студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту қажеттілігіне байланысты танымдық іс-әрекет мәселесін бірінші орынға қоя отырып, олардың ішкі әлемінде сыртқы әлемнің тұтас дүниетанымы мен жүйелік бейнесін қалыптастыруды қамтиды. Оның негізгі идеясы – оқу процесіндегі танымдық объектілер дәстүрлі оқу пәндері емес, проблемалық-танымдық тақырыптар (эпистемалар) болуы тиіс (Лысенко, 2014: 34).

3. *Құзыреттік ұстаным.* Ол студенттердің қазіргі әлемде сәтті бейімделуіне қажетті нақты қабілеттері мен құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бұған коммуникация, сыни тұрғыдан ойлау, мәселелерді шешу, цифрлық сауаттылық және т.б. құзыреттер кіреді. Құзыреттілік ұстаным негізінде оқыту процесін

ұйымдастырудың мәні - студенттердің білім мазмұнын құрайтын мәселелерді өз бетінше шешу үшін қажетті тәжірибені қалыптастыру мақсатында мүмкін болатын жағдайлар жасау. Құзыреттілік ұстанымда болашақ пелагог-математиктердің күтілетін білім беру нәтижелерін қалыптастыруға баса назар аударылады. Оқытудың жаңа парадигмасына көшуде құзыреттілік тәсіл айтарлықтай өзгерістерге әкелуде. Алайда оның да бірқатар шектеулері мен кемшіліктері бар. Осы тұста кейбір ғалымдар құзыреттілік тәсілді мүмкіндіктерге негізделген тәсілмен ауыстыруды ұсынады (Lozano, 2012: 136).

4. *Конструктивтік ұстаным.* Ол студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуына және олардың білімі мен қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған және жаңа білім мен түсініктерді зерттеуге, тәжірибе жасауға мүмкіндік беретін орта жасауды қолдайды. Конструктивтік ұстанымның педагогикалық философиясы өте қарапайым шындықты көрсетеді: өмір бойы әр адам қоршаған әлем туралы өзінің түсінігін қалыптастырады. Сондықтан ол әлемге деген көзқарасымен, сенімдерімен, дүниетанымымен ерекше. Конструктивтік ұстанымның негізгі идеясы – білімді білім алушыға дайын түрде беруге болмайды. Білім алушының білімі мен қабілеттерін сәтті қалыптастыру және өзін-өзі дамыту үшін педагогикалық жағдай жасау маңызды және қажет, ал принцип ретінде өзара әрекеттесу процесінің барлық аспектілерін, соның ішінде білім алушының оқуға қатынасын, танымдық материалды игерудің тәсілдері мен әдістерін шығармашылық дамытуды қамтиды (Шаталова, 2011: 204).

5. *Акмеологиялық ұстаным.* Ол білім алушыны қазіргі әлемде өз әлеуетін тиімді жүзеге асыра алатын тәуелсіз, жауапты және табысты тұлға ретінде дамытуға бағытталған. Өзін-өзі ынталандыру және дамыту, ресурстарды басқару стратегияларын қамтиды. Стратегияны іске асыруда ашық есептерді шешу маңызды рөл атқарады (Ефремова-Шершукова, 2019: 158).

Көрсетілген ұстанымдар педагог-математик даярлаудың келесі принциптерін құрастыруға мүмкіндік берді:

1) *Құзыреттілік:* игерілетін фундаментальді білім – процедуралық білім, ал тұжырымдамалық білім процедуралардың жұмыс ортасы ретінде қарастырылады.

2) *Экзистенциялық:* әр студенттің субъективтілігін сөзсіз құрметтеу және оның субъективтілігінің терең мәнінің толық танып-білінбейтіндігін мойындау; педагог назарының, ең алдымен, студенттің ішкі әлемінде болуы; өткен мен болашақтың студент үшін маңыздылығын жоққа шығармау, алайда оның бүгінгі іс-әрекетіне басымдық беру.

3) *Эпистемологиялық:* студенттің ішкі әлемінде сыртқы әлемнің біртұтас және жүйелік бейнесін қалыптастыру.

4) *Конструктивтік:* студенттің өзіндік конструктивтік қолтаңбасы мен стилінің болуы өте маңызды және сол арқылы олардың әрқайсысы өз көзқарасымен, сенімдерімен, дүниетанымымен ерекшеленеді; оқыту

процесінде студенттердің ішкі дүниесіне терең ену, ойын, сөзін, іс-әрекетін, мінез-құлқын, өмірлік тәжірибесін дамыту негізінде, олардың оқуға мүдделілігін, субъектілігін, әлеуметтік белсенділігін, дүниетанымдық ұстанымын қалыптастыру.

5) *Акмеологиялық*: білім сапасын, педагог пен студенттің, өзін-өзі дамыту мен бағалаудың ең жоғары деңгейі ретінде ашық мәселелерді ұжымдық конструктивті шешудің интегралды критерийлері тұрғысынан бағалау.

Кез-келген адамның бүкіл өмірі үлкен және кіші, ауқымды және күнделікті, қарапайым және күрделі мәселелерді шешуден тұрады деп айту артық емес. Ол біздің жағдайымызда есеп. Ол күтілетін нәтиже мен қол жеткізілген мақсаттың қоғам талаптарына нақты сәйкестігі арасындағы алшақтықтан туындаған экзистенциалды дағдарысты еңсеру қажеттілігін білдіреді. Бұл шығармашылықтың қайнар көзі, қайшылықтарды жеңу, жеке және әлеуметтік қажеттіліктерді жүзеге асырудың жаңа жолдарын табу тәсілі. Демек, есеп адамды проблемаларды шығармашылық тұрғыдан шешуге және оның өміріндегі мағынаны іздеуге ынталандыратын катализатордың бір түрі ретінде әрекет етеді.

Әдетте, мектеп тұйық есептерді шешуді үйретеді, ал өмір адамның алдына әр түрлі ашық мәселелер қояды. Оқу процесі тек типтік есептерді шешуге бағытталғандықтан, оқушылардың оқуға қызығушылығын төмендетуге және олардың білім игеру әлеуетін шектеуге алып келуде. Осыған байланысты, заманауи білім саласы білім мен қабілеттерді өз бетінше игере алатын, шығармашылық белсенділік пен бастамашылық таныта алатын, проблемаларды шешуге дайын, кең эрудицияны көрсететін түлекті даярлауды басты назарда ұстап отыр. Бұл орта білімге де, жоғары білімге де қатысты және ол ширек ғасыр бойы ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып, білім саласындағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарда талқыланып келеді. Осы бағыттағы еңбектердің бірі – Болашақ ұрпақ үшін математиканы оқытудағы басымдықтар (Pardala, 2019: 79).

Педагогикалық техниканың жетекші қағидаттарының бірі – ашықтық принципі. ТРИЗ-педагогика маманы А.А. Гин, оны былай тұжырымдайды: «оқытуда ашық есептерді қолдану; білім беру ғана емес, сонымен қатар олардың шекараларын көрсету; оқушыны шешімдері зерттелетін курстан тыс мәселелермен бетпе-бет келтіру» (Гин, 2015: 14). Демек, ашықтық принципі студенттердің білім игеріп қана қоймай, оларды жаңа, стандартты емес жағдайларда қолдана білуінің маңыздылығын көрсетеді, бұл олардың өмірдегі нақты қиындықтарға дайын болуына ықпал етеді.

Д. Пойяның еңбектері математиканы оқытудағы ашық есептер және шынайы пайымдау мәселелеріне арналған (Polya, 1976;). Нобухито Нахданың (Honda, 2000) еңбектерінде ашық көзқарас мәселелері, ал М. В. Самсонова, В. В. Ефимова, 2003) және т. б. еңбектерінде ашық есептерді ұжымдық шешу технологиясы қарастырылады (Пойа, 1976: 221; Nohda, 2000: 43; Самсонова, 2003: 57). И.С. Овсянниковтың жұмысында ашық есептердің айрықша

сипаттамалары қарастырылған: «Ашық есеп, ең алдымен, классикалық жоғары еркіндік дәрежесімен ерекшеленеді. Оқушылардың деңгейіне байланысты зерттеудің бастапқы қадамдарын айқынырақ ету үшін ашық есепті деректермен толықтыруға болады» (Овсянникова, 2014: 34). Мұнда төрт параметр (шарт, сұрақ қою, шешім барысы, нәтиже) бойынша ашық және жабық типтегі есептердің айрықша сипаттамалары көрсетілген (кесте 1).

Кесте 1 - Ашық және жабық типтегі есептердің сипаттамалары

Параметр	Жабық есептер	Ашық есептер
шарт	Есепті шешу үшін деректер жеткілікті; шартында артық деректер жоқ	Есепті шешу үшін бастапқы деректер жеткіліксіз немесе керісінше артық болуы мүмкін
Сұрақтың қойылуы	Табыңыз ... (шамасын немесе құру алгоритмін) Дәлелдеу... (оның дұрыстығы анық болатын берілген тұжырымды)	Бұл тұжырым дұрыс па? Есеп бойынша не табуға болады және не табуға болмайды? Шартты әлсірету мүмкін бе? Тұжырымды күшейту мүмкін бе? Сіз қалай әрекет етер едіңіз? Қалай болу керек?
Шешім барысы	Оқушының теориялық білімі есепті шешуге жеткілікті; есепті шешудің жалғыз немесе шектеулі стратегиялары бар	Есепті шешу үшін білім жеткіліксіз, студент қажетті тәжірибені жинақтай отырып, ішкі есептерді шешуі керек; есепті шешудің көптеген әдістері болуы мүмкін
Нәтиже	Есептің бір ғана шешімі бар	Зерттеудің қай бағыты таңдалғанына байланысты есепте бірнеше "дұрыс" шешімдер болуы мүмкін

Оқу процесінде ашық есептерді пайдалану үшін, әрбір мұғалімнің ашық есептер ресурсы болуы керек. Сондықтан, мұғалімнің ашық есеп құрастыра білуі, өте маңызды мәселе. Нохданың еңбектерінде ашық есептерді құрастыруға қойылатын жалпы талаптар берілген (Nohda, 2000: 45).

Ашық есептерді құрастыру алгоритміне тоқталайық. Ол 5 қадамнан тұрады (Самсонова, 2003, 97):

1. *Материалды таңдау.* Ашық есепті құрастыру эффектілі, қызықты материалды таңдаудан басталады. Қажетті материал тақырыпқа сәйкес интернет сайттардан, ғылыми-танымал әдебиеттерден, журналдардан іздестіріледі. Әрине, табылған материалдан есепті байқау оңай емес, дегенмен тәжірибе барысында оған үйрену мүмкін.

2. *Шарт пен сұрақты қою.* Есептің шартын 3-7 қатардан аспайтындай етіп қысқа берген дұрыс, өйткені ұзақ мәтіндер қазіргі балаларды қызықтармайды. Оның мәтіні анық, түсінікті және қызықты болуы қажет, егерде есепті қосымша берілетін ақпараттарсыз шешу қиынға соғатын болса, онда олардың бөлек мәтінмен «Анықтамада» берілгені дұрыс. Есептің шешімі біреу емес, бірнешеу емес, көп болатындай етіп шарт құрастырған дұрыс болады. Ондай есептер сыни ойлауды дамытуда пайдалы.

3. *Бақылау жауабын тұжырымдау.* Бақылау жауабы – бұл өмірде жүзеге

асырылған шешім. Ашық есептердің көпшілігі кейбір өмірлік оқиғаларға немесе процестерге негізделгендіктен, әдетте, олардың бақылау жауабы бар болады. Оны оқушы жауабы сияқты қысқа тұжырымдау керек. Бұл жерде бақылау жауабының ең жақсы шешім болуы міндетті емес екені ескеріледі.

1. *Қосымша сұрақты тұжырымдау.* Бұл қадам міндетті емес, бірақ қажеттілігі бар. Себебі, білім алушылардың есепті шешуге қызығушылықтары басылмай тұрғанда оларға қосымша сұрақтар беру жақсы әсер етеді. Мұндайда тіпті есшкім білмейтін сұрақ туралы ойлануды да ұсынуға болады. Сонымен қатар, осы кезеңде балаларды тақырып бойынша кейбір жарқын қосымша материалдармен таныстырудың да мағынасы бар.

2. *Есептің атауын тұжырымдау.* Әрине, мұғалім білім алушыға атаусыз есеп ұсынғаннан ештеңе кедергі болмайды. Алайда, есептің атауы болмаса, оның әлеуеті ашылмаған сияқты күйде қалады. Сондықтан есептің атауы оның мазмұнын ашып, бірден назар аударатындай болғаны жақсы.

Осы қадамдармен қатар тағы бір ұсыныс айтуға болады. Ол - қатысу әсері, яғни тапсырманы құрастыру кезінде оның мазмұны оқушының сезіміне әсер ететіндей болуына ерекше назар аудару керек.

Нәтижелер. Математикалық есеп – білім алушының ішкі дүниесіндегі, математиканы өз бетінше оқуы барысында қол жеткізген нәтижелерінің, математиканы оқытудың міндетті нәтижелеріне сәйкес келмеуінен туындаған, экзистенциалды дағдарыстан шығу құралы.

Білім алушысыз және математиканы оқытудың міндетті нәтижелерінсіз есеп болмайды. Есепті шешу арқылы экзистенциалды дағдарысты болдырмауға мұқтаждық, білім алушыны есепті шешуге оқытудың міндетті нәтижелеріне қол жеткізетін жолдарын іздестіріп табуға мүдделендіретін (мәжбүрлейтін) күш - шығармашылық көзі. Есепті шешу үшін, оны матриаландыру, яғни оның құрамдас компоненттерін анықтау қажет. Есептің құрылымы – есептің бастапқы нысаны (проблемалық ахуал); соңғы, талап етілетін нысаны (мақсат); шешілу себебі; шарты; есепті шешу әдісі, түріндегі құрылым. Есептің шешілу себебі – экзистенциалды дағдарысты болдырмауға мұқтаждық. Есептің шарты – есепті шешу процесінің ішкі байланыстары және шешу процесінде себеп-салдарлық құбылыстар мен байланыстардың дамуы мүмкін ортаны білдіретін сыртқы факторлар. Есепті шешу әдісі – оны іске асыру нәтижесінде есептің мақсатына қол жетуізілуін қамтамасыз ететін процедура. Есепті шешу әдісі, адамның субъективті сипаттамаларына байланысты, операциялардың таңдалыну, реттілік стратегиясымен қатар, есепті шешу процесінің жалпы стратегиясын да анықтайды.

Ашық есептердің, оларды шешу барысында қалыптасатын қабілет деңгейлері бойынша, сұрыптамасы.

1. *Жұмыс мақсаттарын қою қабілетін дамытушы есептер.*

Бірінші деңгей - есептің мақсаты 1) оның мәтінінде айтылған; 2) математика тілінде тұжырымдалған (мәселенің өзі сияқты).

"Бір санға 22 – ні қосқанда 13 шықты. Белгісіз санды табу керек?" есебінің

мақсаты не? (Жауабы: бір белгісізді теңдеудің шешімін табу немесе теңдеудің шешімі бар екендігін көрсету).

Екінші деңгей – есептің мақсаты мәтінде айтылмаған, алайда, есептің өзі сияқты, математика тілінде тұжырымдалған.

Мысал: 1) "Неліктен оң сандар теріс сандардан үлкен?". Есепті шешу мақсаты не? (Жауабы: Оң сандардың теріс сандардан үлкен болу себебін көрсету).

2) "Кез-келген бір белгісізді теңдеудің шешімі болатыны рас па?" (Жауабы: "Кез-келген бір белгісізді теңдеудің шешімі болады" тұжырымының шын немесе жалған екендігін дәлелдеу.)

Үшінші деңгей - есептің мақсаты тұжырымда "айтылмаған", есеп математика тілінде тұжырымдалмаған.

Мысал: "Мал қораның сыйымдылығы үлкен болуы үшін ол қандай түрде болуы керек?" есебінің мақсаты не? (Жауабы: Көп бұрыштардың ішіндегі ауданы ең үлкенін табу).

2. *Берілген жағдайдың шарттарын талдау қабілетін дамытушы есептер.*

Бірінші деңгей - Берілген ахуалды сипаттаушы шарттар 1) нақты тұжырымдалған; 2) қайшылықтар жоқ; 3) артық деректер жоқ.

Мысал: Қабырғаларының бірі 5 см, екіншісі онан 2 см кіші, ал үшіншісі 2 есе үлкен болатын үшбұрыш бар ма?

Екінші деңгей – есеп шартында 1) -3) шарттардың бірі бұзылған.

Мысалдар: 1) Биіктігі мен бір бұрышы берілген үшбұрыштың периметрін табуға бола ма? Есептің шартында белгісіздік бар: үшбұрыштың түрі және қай бұрыш берілгені көрсетілмеген.

2) Катеттері 5а, гипотенузасы 12а үшбұрыштың ауданын табуға бола ма? Есептің шарты қарама-қайшы: мұндай үшбұрыш жоқ.

3) Егер екі санның қосындысы, айырымы, қатынасы берілсе, сандарды анықтауға бола ма? Тапсырма жағдайында артық информациялар бар: сандарды табу үшін: а) қосынды мен айырым; б) қосынды мен қатынас; в) айырым мен қатынас; комбинацияларын қарастыру, қажет.

Үшінші деңгей - геометриялық жағдайды сипаттайтын шарттардың кем дегенде бір бөлігін, оқушылар өз бетінше енгізеді.

Мысал: Егер екі санның қосындысы, айырымы, қатынасы берілсе, онда ол сандар нақты өмірдегі қандай заттарды сипаттайды? Есепті шешу үшін а) қосынды мен айырым; б) қосынды мен қатынас; в) айырым мен қатынас; комбинациялары қарастырылуы, оларға геометриялық мағына берілуі, берілгендердің үйлесімді екендігі анықталынуы қажет.

3. *Болжамдарды тұжырымдау және негіздеу қабілетін дамытушы есептер.*

Бірінші деңгей - келесі талаптарды қанағаттандыратын ашық есептер: 1) есепті шешу үшін 1-2 болжам жеткілікті; 2) болжамды дәлелдеу белгілі бір информацияға негізделген; 3) математикалық модель құру қажеттілігі жоқ (есеп математика тілінде тұжырымдалған).

Мысал: $x+18 = 6$ тендеуінің шешімдерін қалай анықтауға болады? (Шеімдерді анықтау үшін екі болжам: сандар “бүтін сандар” және “теңдеу автомобиль қозғалысы уақыттарын сипаттайды” жеткілікті. Екінші шешім, автомобиль жүріп келе жатқанда тәулік ауысқанына негізделген. Шешім: -12 және 12.)

Мысал. Бір қабырғасы беттестірілген екі үшбұрыштан пайда болған фигураның периметрі мен ауданы берілген. Үшбұрыштардың қабырғаларын қалай табуға болады?

(Фигураның түрін анықтау үшін фигураның түрі мен төртбұрыштың түрі жайлы екі болжам жеткілікті. Жауап: “алынған фигура – тіктөртбұрыш”. Шешім тіктөртбұрыштың ауданы туралы теоремаға негізделген.)

Екінші деңгей - 1), 2) талаптар бұзылған ашық есептер.

Мысал: Іргелес қабырғасындағы екі бұрышының биссектрисаларының қиылысу нүктесі қарама-қарсы қабырғада жататын параллелограммның іргелес жақтары арасында қандай байланыс бар? (“Бір іргелес қабырғасы екіншісінен екі есе үлкен” болжамын дәлелдеу үшін, “Екі параллель және қиылысушы түзулерден құралған бұрыштар және тең қабырғалы үшбұрыштың қасиеттері” туралы теореманы пайдалану қажет. Шешім: Параллелограммның бір іргелес қабырғасы екіншісінен екі есе үлкен.)

Үшінші деңгей - 1), 3) талаптары бұзылған ашық есептер.

Мысал: Р және Q түзу сызықтармен бір қалыпты жүріп келе жатқан екі жаяу жүрушілер қозғалысындағы PQ кесіндісінің ортасы қандай сызық болады?

Бұл мәселені шешу үшін оқушыларға:

1) сипатталған ахуалдың математикалық моделін құру және есепті математика тіліне қайта тұжырымдау;

2) жазықтықта екі түзудің өзара орналасуы туралы білімді пайдалана отырып, болжамды тұжырымдау мақсатында 2-3 сынақ жүргізу, қажет.

4. Есеп шешуді жоспарлау қабілетін дамытушы есептер.

Бірінші деңгей – оқушылар: 1) есепті шешу алгоритмін білетін; 2) математикалық модель құруды қажет етпейтін (есеп математика тілінде тұжырымдалған) есептер.

Мысал: (А, В) аралығындағы жай сандарды қалай табуға болады? (“Санның жай сан болуын тексеру” және “Эратосфен елегі” алгоритмін қолдану).

Екінші деңгей - шешу алгоритмі белгісіз ашық есептер.

Мысал: “Санды екі қосылғышқа жіктеу” есебін пайдаланып, төртбұрыштың периметрін қалай анықтауға болады? Есепті шешу алгоритмі анықталынуы қажет:

1. $x_1 + x_2 = a_{2,1}$; тендеуін құру;

2. Тендеуді $\begin{cases} x_1 + x_2 = a_{2,1}; \\ x_1 * x_2 = a_{2,2}. \end{cases}$ жүйесіне дейін толықтыру;

3. Жүйенің компоненттеріне геометриялық мағына беру;

4. Жүйені шешу.

Үшінші деңгей - қолданбалы сипаттағы ашық есептер, оларды шешу алгоритмі белгісіз.

Мысал: Ақсақал еңбек демалысына шыққан соң, балаларын шақырып алып: “Менің қолым босады. Мал өсіру үшін мал қора керек. 200 метрге жететін кірпіш, қалыңдығы 4 см тақтай бар. Мал қораның жобасын жасаңдар” деді. Тапсырманы қалай орындауға болады?

(Алгоритм: Есепті геометриялық есеп түрінде қайта тұжырымдау; Мал қора түріндегі фигураны таңдау; Материалдар жететін фигураның компоненттерін анықтау)

5. Нәтижені сыни тұрғыдан талдау қабілетін дамытушы есептер.

Бірінші деңгей - ашық есептер, онда мыналарды анықтау қажет: 1) бір теореманы (қасиет, анықтама) пайдалана отырып, тұжырымның дұрыстығын немесе 2) есептің шешімінің дұрыстығын (катесіз шешім келтірілген) анықтауға ашық есептер.

Екінші деңгей - 1) бірнеше тұжырымдарды (қасиеттерді, анықтамаларды) пайдалана отырып, есептің шешімі дұрыстығын (есептің шешімінде логикалық қате бар) анықтау есебі.

Мысал. 5+6 есебі шешілгенде 11, 15 нәтижелері алынды. Есеп дұрыс шешілген бе?

Үшінші деңгей - келтірілген шешімнің ұтымды (рационал) екендігін анықтауды қажет ететін ашық есептер. Жауапты негіздеу (есепті шешудің тағы бір нұсқасын ұсыну).

Мысал: Ақсақал еңбек демалысына шыққан соң, балаларын шақырып алып: “Менің қолым босады. Мал өсіру үшін мал қора керек. 200 метрге жететін кірпіш, қалыңдығы 4 см тақтай бар. Мал қораның жобасын жасаңдар” деді. Балалар барлығы тапсырманы орындады. Тек кіші бала ғана мақтау естіді. Неге?

(Алгоритм: Мал қора жайлы есепті шешу түріндегі фигураны таңдау; Материалдар жететін фигураның компоненттерін анықтау. Жобаларды сиымдылығы бойынша зерттеу. Шешім: Кіші бала мал қораның цилиндр түріндегі жобасын, су ішетін, жем жейтін астаулар жобаларын алып келген. Әкесі баласының жауапкершілігіне риза болған).

Біз зерттеу жұмысымыздың барысында жоғарыда қарастырылғандай ашық есептерді құрастыру мен шешуге студенттерді арнайы дайындаудың қажеттілігіне көз жеткіздік. Сондықтан студенттердің математиканы оқытуда ашық есептерді қолдана білуін қалыптастыру міндетін шешу мақсатында “Мектеп математикасы бойынша ашық есептер” курсын әзірлеу жоспарланды.

Курсты әзірлеудің негізгі кезеңдері:

1. Мектептегі математика бағдарламасын талдау: мектеп курсында қамтылған негізгі тақырыптар мен ұғымдарды анықтау үшін мектеп математикасы курсының бағдарламасын зерттеу.

2. Ашық тапсырмаларды таңдау: ашық тапсырмалар—бұл нақты шешімі жоқ,

шығармашылық көзқарас пен зерттеушілік ойлауды қажет ететін тапсырмалар. Бұл үлгілерді, жалпылауды немесе тіпті ашық жауап тапсырмаларын іздеуді қамтуы мүмкін.

3. Курсты құрылымдау: материалды тақырыптық модульдерге бөлу, олардың әрқайсысы белгілі бір ашық есептер жиынтығын қамтиды.

4. Оқыту әдістері және сабақтарды ұйымдастыру: шығармашылық ойлауды және мәселелерді шешуге зерттеу тәсілін дамытуға ықпал ететін оқыту әдістерін әзірлеу. Бұл есептерді ұжымдық талқылауды, топтық жобаларды, визуалды құралдарды пайдалануды және т. б. қамтиды.

5. Бағалау: жауаптардың дұрыстығын ғана емес, сонымен қатар мәселені шешу процесін, стратегияларды қолдануды, шығармашылық тәсілді және т.б. ескеретін бағалау критерийлерін әзірлеу.

6. Кәсіби қабілеттерді дамыту: студенттерге оқу материалдарын әзірлеу, ашық тапсырмаларды пайдалана отырып сабақтар өткізу, материалды оқытудың әртүрлі деңгейлеріне бейімдеу және т.б. сияқты өздерінің кәсіби құзуреттерін дамытуға мүмкіндік беру.

7. Эксперименттік тексеру: пилоттық курсты жүргізу, содан кейін тиімділікті талдау және оқыту материалы мен әдістерін түзету.

8. Нәтижелер мен тәжірибені құжаттау: курсты өткізу барысында алынған нәтижелерді, сондай-ақ курсты одан әрі талдау және жақсарту үшін оқытушылар мен студенттердің тәжірибесін жүйелі түрде құжаттау.

Бұл жағдайда эпистемологиялық тәсіл білімді игеру процесіне, шығармашылық белсенділікті ынталандыруға және ашық мәселелерді шешу арқылы студенттердің ойлау операцияларын дамытуға басты назар аударады.

Жоғарыда аталған кезендерге сәйкес атқарылған жұмыстардың нәтижесінде эпистемологиялық ұстанымға негізделіп, болашақ математик-мұғалімдерге арналған көлемі 5 кредит (лекция – 15 сағат; практика – 30 сағат, өзіндік жұмыс – 105 сағат) болатын "Мектеп математикасы бойынша ашық есептер" атты курс әзірленді. Курстың мақсат-міндеттері, күтілетін нәтижелері және мазмұны төмендегі кестелерде берілген (кесте 2 және 3).

Кесте 2 – “Мектеп математикасы бойынша ашық есептер” курсының мақсат-міндеттері

Курсты оқытудың мақсаты	Болашақ математика мұғалімдерін оқушыларды оқыту кезінде ашық есептерді қолдануға даярлау.
Курсты оқытудың міндеттері	1) Мектеп математикасының ашық есептерді шешуге үйрету негізінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру; 2) Студенттердің өзін тануы, көрсетуі, бағалауы, дамытуы үшін қолайлы жағдайлар жасау; 3) Ашық міндеттерді шешуді үйрету процесінде студенттерде белсенділік, ұжымда жұмыс істей білу, стандартты және стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау, жауапкершілік, төзімділік қасиеттерін қалыптастыру.
	Студент: - курсты оқыту принциптерін біледі; - ашық есеп ұғымын, ашық есеп сұрыптамаларын біледі және оның мектеп математикасын оқытудағы ролін түсінеді;

Курсты оқытудың міндетті нәтижелері	- курс тақырыптарына қатысты ашық есепердің құрастырылу және шешілу заңдылықтарын біледі, есептер құрастырады және шешеді; - ашық есепті құрастыру және шешу қабілетінің қалыптасу деңгейін бағалайды; - ашық есепті құрастыру және шешу қабілетінің қалыптасқандығын мини топта талқылайды.
Курсты оқытудың күтілетін нәтижелері	Болашақ мұғалім: 1) Қолда бар ресурстар мен мүмкіндіктерді тиімді пайдалану маңызды болып табылатын жылдам өзгермелі кәсіби әлемдегі күрделі жағдайларға сәтті бейімделу мен нәтижелі жұмыс жасауға даяр. 2) Оқу нәтижелерінің қолжетімділігі мен оқушылардың өмірлік мұқтаждықтары және оқу материалын игеру қарқынын ескеру негізінде, олардың өз бетінше оқу қабілетін арттырады, білім игеру мүмкіндіктерін кеңейтеді. 3) оқушыларға оқу мақсаттарына жету жолдарын, өзінің өмірлік мүдделері мен қабілеттерін ескере отырып, дербес анықтауына мүмкіндік береді. 4) Оқыту процесінде оқушылардың ішкі дүниесіне терең ену, ойын, сөзін, іс-әрекетін, мінез-құлқын, өмірлік тәжірибесін дамыту негізінде, олардың оқуға мүдделілігін, субъектілігін, әлеуметтік белсенділігін, дүниетанымдық ұстанымын қалыптастырады.
Курсты оқытудың технологиясы мен әдістері	1. Білім берудегі эпистемологиялық, құзыреттілік, конструктивтік, экзистенциалдық, акмеологиялық ұстанымдар. 2. Топтық, минитоптық, жұптық, жекелей оқыту түрлері. 3. Менторинг, коучинг, миниоқыту әдістері.
Курс пререквизиттері	Алгебра, Геометрия, Элементар математика
Курс постреквизиттері	Педагогикалық іс-тәжірибе

Кесте 3 - Курстың оқу-тақырыптық жоспары

Реті	Пәннің мазмұны	Сағат саны
1	Мектеп математикасының эпистақырыптары және олардың мазмұны.	1
2	Мектеп математикасының эпистақырыптарын оқытудағы конструктивтік ұстаным.	1
3	Мектеп математикасының эпистақырыптарын оқытудағы экзистенциалдық ұстаным.	1
4	Есеп анықтамасы. Есептің мектеп математикасын оқытудағы функциясы.	1
5	Ашық есептер және олардың ерекшеліктері.	1
6	Мектеп математикасындағы ашық есептер сұрыптамасы.	2
7	Ашық есептерді шешуге оқытудың белсенді әдістері.	2
8	Алгебралық ашық есептерді құрастыру мен шешу.	2
9	Геометриялық ашық есептерді құрастыру және шешу.	2
10	Элементар математика курсының материалдарын ашық есептермен байыту жолдары.	2

Талқылау. Ашық есептер құрастыру, тұйық есепті ашық есепке түрлендіру, айтарлықтай қиындыққа алып келмейді. Алайда, ашық есептердің [1] құжатта қойылған мәселені шешудегі әлеуеті білім субъектілері тарапынан

мойындалғанымен, Шымкент қаласының мектеп мұғалімдерімен жүргізілген сұхбаттарымыз көрсеткендей, мектептерде математика мұғалімдерінің көпшілігі әлі күнге дейін оқу процесінде ашық есептерді пайдаланбай келеді.

Мұғалімдердің кәсіби қызмет тәжірибесінде ашық есептерді пайдаланбауының негізгі себептерінің қатарына: оқушыларға арналған оқу құралдарында және математика бойынша дидактикалық материалдарда ашық типтегі есептердің жеткіліксіздігін, мұғалімдерге арналған әдістемелік әзірлемелер мен ұсыныстардың болмауын, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді ашық есептер контекстінде әдістемелік даярлау деңгейінің жеткіліксіздігін жатқызуға болады.

Болашақ математика мұғалімдерін оқушыларды оқыту кезінде ашық есептерді қолдануға дайындауды жетілдірудің негізгі бағыттары келесідей: студенттерді зерттеу қызметіне тарту, ашық математикалық есептерді шешу бойынша студенттердің жеке тәжірибесін байыту, студенттердің ашық есептерді құрастыру дағдыларын қалыптастыру, студенттердің ашық есептерді сабақтарда қолдану жағдайларын жобалау қабілеттерін қалыптастыру, ашық есептерді сабақта қолдану дағдыларын қалыптастыру және математикадан сабақтан тыс жұмыстар.

Қорытынды. Сонымен, эпистемологиялық тәсіл негізінде педагогикалық ЖОО-ң студенттеріне арналған "Мектеп математикасындағы ашық есептер" курсы әзірленді және оны конструктивті оқытудың міндеті және күтілетін нәтижелері сипатталынды. Курстың жаңалығы:

1) курстың мазмұны педагогикадағы экзистенциалдық, эпистемологиялық, құзыреттілік, конструктивтік, акмеологиялық ұстанымдарға негізделген;

2) курстың мазмұны – игерілуі қажетті теориялық материалдың жиынтығы емес, оны өңдеу кезінде студенттер қажетті білімді өз бетінше игеріп, қабілеттерін қалыптастырып дамытатын информациялар жүйесі.

Бұл бағыттарды іске асыру барысында, студенттер мектепте игерілген математикалық білім мазмұнын жүйелеп, қорытындылай алады, университеттің келесі пәндерін одан әрі оқуға дайындалып, кәсіби қабілеттерін игере алады.

Осылайша, оқу процесіне мектеп математикасының әзірленген эпистемологиялық контентін, ашық есептерді шешуге конструктивті оқытуды ұйымдастыру құралдарын енгізу, қабілеттерді қажеттілікке айналдыру арқылы, педагогикалық университет бітіруші түлектің негізгі құзыреттеріне ие, шығармашылық әлеуетті өзінің өмірлік мүддесіне де, орта білім беру мүддесіне де сай, іске асыруға қабілетті, жоғары адамгершілік қасиетке ие және жан-жақты дамыған, педагог-математик даярлауды қамтамасыз етер еді.

Әдебиеттер

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z31>.

Подлиняев О.Л., Аннушкин Ю.В. (2016) Перспективы экзистенциального подхода в современном образовании. —Известия Иркутского государственного университета. Серия

«Психология», — Т. 15. — С. 72–80. <https://cyberleninka.ru/article/n/perspektivy-ekzistentsialnogo-podhoda-v-sovremenном-obrazovanii>.

Лысенко В. (2014) Эпистемический подход в обучении и воспитании. — С. 31–37. <http://rodsobr.narod.ru/80.html>.

J. Felix Lozano, Alejandra Boni, Jordi Peris, Andrés Hueso (2012) Competencies in Higher Education: A Critical Analysis from the Capabilities Approach, *Journal of Philosophy of Education*. — Volume 46. — Issue 1. — P.132–147. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9752.2011.00839.x>

Шаталова Н. П. (2011) Азбука конструктивного обучения. Монография. — Красноярск: ООО «Научно-инновационный центр». — С.204. — URL: <https://www.psychology-guide.ru/specialists/programm.php?id=431>.

Ефремова-Шершукова Н.А. и др. (2019) Акмеологические принципы педагогической деятельности. Современные наукоемкие технологии. — № 11-1. — С. 156-160.

Pardala A., Kadirbayeva R.I., Jamankarayeva M.A. (2019) Priorities in the teaching of mathematics for the futures. *Journal «Concorde»*. — Paris, France. — №2. — P.76-87.

Гин А.А. (2015) ТРИЗ-педагогика. Книга для умных родителей и учителей. — М.: ТРИЗ-профи. — 120 с.

Пойа Д. (1976) Математические открытия. Решение задач: основные понятия, изучение и преподавания. — М.: Наука. — С.448.

Nohda N. (2000) A study of «open - approach» method in school mathematics teaching: paper presented at the 10th ICME by N. Nohda. Makuhari. — P.39-51. URL: <https://www.nku.edu/~sheffield/nohda.html>.

Самсонова М.В., Ефимов В.В. (2003) Технология и методы коллективного решения открытых задач. Учебное пособие. — Ульяновск: УЛГТУ. —152 с. — ISBN 5-89146-419-5.

Овсянникова И.С (2014) Открытые задачи. Наука и школа. — №3. — С.30-36. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otkrytye-zadachi/viewer>

Nohda N. (2000) Teaching by Open-Approach Method in Japanese Mathematics Classroom. *Proceedings of the Conference of the International*. — Vol. 1. — P. 39–54.

Кавтрев А.Ф. (2022) Как сочинять открытые задачи?. Образование для новой эры [Электронный ресурс] (дата обращения: 05.12.2022) <https://trizway.com/art/opentask/kak-sochinat-otkritie-zadachi.html>

Singer F.M., Ellerton N.F., & Cai J. (Eds.) (2015) *Mathematical problem posing: From research to effective practice*. Springer. <https://link.springer.com/book/10.1007/978-1-4614-6258-3>

Kwon O.N., Park J.H., & Park J.S. (2006) Cultivating divergent thinking in mathematics through an open-ended approach. *Asia Pacific Education Review*, 7(1). — P. 51–61. DOI: 10.1007/BF03036784

References

Kazakstan Respublikasynda mektepke dejingi, orta, tekhnikalыk zhane kasiptik bilim berudi damytudyn 2023-2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasy [Concept for the development of preschool, secondary, technical and vocational education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z31> (in Kaz.).

Podlinyaev O.L., Annushkin Yu. V. (2016) *Perspektivy ekzistentsial'nogo podkhoda v sovremenном obrazovanii* [Prospects of the Existential Approach in Modern Education], *Izvestiya Irkutskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya "Psikhologiya"*. — Т. 15. — P. 72–80. (in Rus.)

Lysenko V. (2014) *Epistemicheskij podhod v obuchenii i vospitanii* [An epistemic approach to education and upbringing]. — P. 31-37. <http://rodsobr.narod.ru/80.html>. (in Rus.)

J. Felix Lozano, Alejandra Boni, Jordi Peris, Andrés Hueso (2012). Competencies in Higher Education: A Critical Analysis from the Capabilities Approach, *Journal of Philosophy of Education*, — Volume 46. — Issue 1. — P. 132–147 <https://doi.org/10.1111/j.1467-9752.2011.00839.x> (in Eng.)

SHatalova N.P. (2011) *Azbuka konstruktivnogo obucheniya* [The ABC of Constructive Learning]. Monografiya. — Krasnoyarsk: ООО «Nauchno-innovacionnyj centr», — P. 204. — URL: <https://www.psychology-guide.ru/specialists/programm.php?id=431>. (in Rus.)

Efreмова-SHershukova N.A. i dr. (2019) *Principy pedagogicheskoy deyatel'nosti. Sovremennye*

naukoemkie tekhnologii [Acmeological principles of pedagogical activity. Modern high-tech technologies]. — № 11-1. — P. 156-160. (in Rus.)

Pardala A., Kadirbayeva R.I., Jamankarayeva M.A. (2019) Priorities in the teaching of mathematics for the futures. Journal «Concorde». — Paris, France. — №2. — P.76-87. (in Eng.)

Gin A. A. (2015) TRIZ-pedagogika. Kniga dlya umnyh roditelej i uchitelej [TRIZ-pedagogy. A book for smart parents and teachers]. — M.: TRIZ-profi, — P. 120 (in Rus.)

Poja D. (1976) Matematicheskie otkrytiya. Reshenie zadach: osnovnye ponyatiya, izuchenie i prepodavaniya [Mathematical discoveries. Problem solving: basic concepts, learning and teaching]. — M.: Nauka. — P. 448. (in Rus.)

Nohda N. (2000) A study of «open - approach» method in school mathematics teaching: paper presented at the 10th ICME by N. Nohda. Makuhari. — P.39-51. URL: <https://www.nku.edu/~sheffield/nohda.html>. (in Eng.)

Samsonova M.V., Efimov V.V. (2003) Tekhnologiya i metody kollektivnogo resheniya otkrytyh zadach [Technology and methods of collective solution of open problems]. Uchebnoe posobie. -Ul'yanovsk: UIGTU. — P. 152. — ISBN 5-89146-419-5. (in Rus.)

Ovsyannikova I.S. (2014) Otkrytye zadachi. Nauka i shkola [Open tasks. Science and School]. — №3. — P. 30-36. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otkrytye-zadachi/viewer> (in Rus.)

Nohda N. (2000) Teaching by Open-Approach Method in Japanese Mathematics Classroom. Proceedings of the Conference of the International. (in Eng.)

Kavtrev A.F (2022) Kak sochinyat' otkrytye zadachi?. Obrazovanie dlya novoj ery [How do I compose open problems?. Education for a new era] [Elektronnyj resurs] (data obrashcheniya: 05.12.2022) <https://trizway.com/art/opentask/kak-sochinat-otkritie-zadachi.html> (in Rus.)

Singer F.M., Ellerton N.F., & Cai J. (Eds.) (2015) Mathematical problem posing: From research to effective practice. Springer. <https://link.springer.com/book/10.1007/978-1-4614-6258-3>(in Eng.)

Kwon O.N., Park J.H., & Park J.S. (2006) Cultivating divergent thinking in mathematics through an open-ended approach. Asia Pacific Education Review, 7(1). — P. 51–61. DOI: 10.1007/BF03036784 (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 25.08.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

37,0 п.л. Тираж 300. Заказ 4.